ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қаңтар іс №4360-23-00-2/2858 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы Ғ.Б.Қуанышбаеваның, А.Жұмаханның қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«А-САМА» атауымен әрекет етуші Орынбаев Алибек Ертаевич жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру
3. Шартты бұзу

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Л.Сырбайқызы,
Талап қоюшының өкілі Н.Махамбетов,
Жауапкер А.Орынбаев, жауапкер өкілдері С.Қалиасқарова, И.Мырзекенов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 14 маусымда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №152 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 5 350 000 теңгеге Жосалы кентіне тал, гүл көшеттерін егу, күтіп, баптау қызметін 31 қазан 2023 жылға дейін жасауға міндеттенген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану, үш күнге 16050 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру және келісім шартты бұзу туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024

Талап қоюшы тарапы істі сотта қарау барысында талапты нақтылап, соттан талап қоюшыны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды, 50 күнге 267500 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді және келісім шартты бұзуды сұраған.

Жауапкер сотқа берген қарсы пікірінде талап қоюға қарсы екенін, талап қоюшы тарапы ұсынған актіге төлем жасамағанын, өздерінің жасаған жұмысы сметада көзделген жұмыстан артық болғанын, кент әкімінің өтініші бойынша 1200 ағаштар отырғызғандарын, сондықтан осыны шартқа қосуды сұрағанын, талап қоюшыдан 1 932 642 теңгені төлеп беруді және 3 417 358 теңге өндіру туралы талап ететінін көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Н.Махамбетов талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша орындауға тиісті жұмыстарды толыққанды жасамағанын, жауапкер тал,гүл және газонды егумен қатар, оларды 31 қазан 2023 жылға дейін күтіп, баптауға міндетті болғанын, алайда, газон мен талдар шықпай қалғанын, шартқа техникалық ерекшелікте және сметада көрсетілген бірқатар талдар мен гүлдер мүлдем егілмегенін, ол жөнінде акт жасалғанын, жауапкер жасаған жұмысының бір бөлігі, яғни, 7 қыркүйек 2023 жылғы актіге сай 1 932 646 теңге қабылданып, 2023 жылғы желтоқсан айында төлем жасалғанын, жұмыстардың қалған бөлігі қабылданбағанын, себебі жұмыс жасалмағанын, жауапкер тарапы екі рет хат жазғанын, сметада қосу-алуды сұрағанын, бірақ талап қоюшы тарапы келіспегенін, жауапкер тарапынан 2000 шаршы метр газон егілмегенін, 20 тонна удобрения салынбағанын, Ясень талының көшеттері мен бірқатар гүлдер егілмей қалғанын, смета шарттың қосымшасы болып табылатынын, жауапкер айтып отырғанындай сметада көрсетілген талдар мен гүлдердің орнына басқа талдар мен гүлдер егу туралы жауапкермен келісімге келмегендерін, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер А.Орынбаев және жауапкер өкілдері С.Қалиасқарова мен И.Мырзекенов талап қоюмен келіспей, өз түсініктерінде смета дұрыс жасалмағанын, тал мен гүлдер көрсетілгенімен оларды егу көрсетілмегенін, кент әкімінің өтініші бойынша сметада көрсетілген талдар мен гүлдердің орнына басқа талдар мен гүлдер отырғызылғанын, бірақтан қосымша шарт жасалмағанын, әкім тарапынан хат бермегенін, өздері сметада көрсетілген жұмыстан артық жұмыс орындағанын, бірақтан тек ғана 1 932 646 теңгенің жұмысы ғана қабылданып, қалған жұмыс қабылданбай қалғанын, аталған ақша қаражатын талап қоюшы тарапы тек ғана 2023 жылдың 25 желтоқсанында төлегенін, атқарылған жұмыстарға актілер ұсынылғанын, бірақтан қабылданбағанын, Жосалы кентінен 8 адам егуге тартылғанын, содан кейін екі адам қарап,

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024

баптауға жалданғанын, оларға төлемдерді қолма қол берілгенін, кейіннен газондар қазылып тасталғанын, атқарылған жұмыстарды суретпен дәлелденетінін, газон мен талдар шықпай қалды деуге келіспейтінін, мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға қарсы екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Сот отырысында анықталғандай тараптар арасында жасалған 2023 жылғы 14 маусымдағы №152 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартының қосымшасы болып саналатын сметалық есепке сай жауапкер 2500 шаршы метр жерді тегістеу, 1000 дана «көшет», 200дана «Катальпа» талының көшетін, 70 дана «Ясень» талының көшетін, 80 дана «Калифорнийский тополь» талының көшетін, 30 дана «Виктория» гүлін, 20 дана «Драцена» гүлін, 20 тонна удобрение, 2000 шаршы метрге газон егуге және күтіп, баптау жұмыстарын атқаруға міндеттенген.

Талап қоюшы тараптың 4 қыркүйек 2023 жылы жасаған актісінде сай жауапкердің 2500 шаршы метр жерді тегістегенін, 174 дана көшеттер отырғызғанын, 70 дана «Ясень» талының көшетін, 80 дана

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024
Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024
4360-23-3-1/3031

«Калифорнийский тополь» талының көшетін, 24 дана «Виктория» гүлін отырғызу жұмыстарын орындалғаны көрсетілген.

Осы актіде көрсетілген жұмыстарды орындау актісі жасалып, тараптармен қол қойылып, талап қоюшы тарапы 1 932 642 теңгеге төлем жасаған.

Талап қоюшы тарапы жауапкердің басқа жұмыстарды атқармағанын, газон мен талдар шықпай қалғанын, тиісінше күтіп, баптау, суару жұмыстары жүргізілмегенін көрсетіп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын көрсеткен.

Жауапкер тарапы Жосалы кент әкімінің өтініші бойынша сметада көрсетілген талдың көшеттері мен гүлдердің орнына басқа талдар мен гүлдер отырғызу туралы ауызша келісімге келіп, отырғызғанын, газон егілгенін, күтіп, баптау, суару жұмыстары жүргізілгенін, сметада көрсетілген жұмыстардан артық жұмыс жасалғанын, бірақтан талап қоюшы тарапы өз сөздерінен өзгеріп, сметаға өзгерістер енгізілмегенін, жұмыстар қабылданбай қалғанын көрсетті.

Жауапкер тарапы талап қоюшы тараптың басшылығымен өзара келісімге келгенін көрсеткен.Бірақтан бұл жағдайды ешқандай дәлелдемемен дәлелдемеген. Шарт талаптарына өзгеріс енгізілмеген, талап қоюшы тарапынан сметада көрсетілген талдар мен гүлдердің орнына басқа талдардың көшеттері мен гүлдер отырғызу туралы келісімге келгендігі туралы талап қоюшы тарапы жазған қандай да бір хаттар немесе дәлелдемелер ұсынбаған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі жауапкер тараппен ешқандай келісімге келмегенін көрсеткен.

Бұндай жағдайда жауапкер тарапының көрсетіп отырған уәждері дәлелденбеген деп сот санайды, тиісінше, негізсіз деп сот табады.

Жауапкер тарапы фотосуреттер ұсынған.Аталған суреттер жаз айында жасалған, олардың қай кезде жасалғаны, қай жерде жасалғаны түсініксіз.Талап қоюшы тарапы жауапкер жасағаны жұмыстың бір бөлігін қабылдағанын ескеріп, фотосуреттердегі жағдай сол кездегі жағдай болуы мүмкін.Сондықтан сот жауапкер ұсынған фотосуреттерді сметатада көрсетілген жұмыстардың толыққанды орындалғанын дәлелдейтін айғақ ретінде қабылдай алмайды.

Сот отырысында жауапкер тарапының шарттың қосымшасында көрсетілген жұмыстарды толық атқармағандығы анықталады.

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2023 жылғы 3 қарашада жүгінген.

№2,3 талап бойынша

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шарттың 7.3-тармағында қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өндіріп алатыны бекітілген.

Талап қоюшы талап қоюды бірнеше рет нақтылау туралы арыз берген, оның ішінде сот бір рет ғана берген нақтылау арызын қабылдады.Себебі, талап қоюшы тараптың берген екі нақтылау арызына Жосалы кент әкімі емес басқа тұлға қол қойылғандығы анықталды.

Талап қоюды нақтылау туралы арызына сай талап қоюшы 50 күнге 267500 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Тұрақсыздық айыбын талап қоюшы жалпы шарт сомасынан есептеген.

Алайда, жауапкер тарапы 1 932 642 теңгенің жұмысын қабылдау актісіне сай тапсырып, талап қоюшы қабылдап алған.Яғни, аталған сома бөлігінде жауапкер жұмыстарды уақытылы орындаған.

Сондықтан тұрақсыздық айып сомасы орындалмаған бөлігі - 3 417 358 теңгеден есептелуге тиіс деп сот санайды.

Аталған сомадан есептегенде 50 күнге тұрақсыздық айыбы 170 868 теңгені құрайды.

Бұндай жағдайда жауапкерден 170 868 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Тараптар арасындағы жасалған 2023 жылғы 14 маусымда №152 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартының қолданыс мерзімі шарттың 8.1 тармағына сай 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін деп белгіленген.

АК-нің 386 бабының 3-тармағына сай егер заңдарда немесе шартта шарттың қолданылу мерзімі көзделсе, осы мерзімнің аяқталуы, шарт бойынша тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеліп соқтыратыны көрсетілген.

Тараптар арасында шарт мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталғандықтан тараптар арасында міндеттемелер тоқтатылған. Шарт мерзімі аяқталғандықтан шарт бұзуға жатпайды.

Сондықтан талап қоюшының шартты бұзу туралы талап қою бөлігі қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 6 851 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «А-САМА» атауымен әрекет етуші Орынбаев Алибек Ертаевич жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану, келісім шартты бұзу және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «А-САМА» атауымен әрекет етуші Орынбаев Алибек Ертаевич жеке кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «А-САМА» атауымен әрекет етуші Орынбаев Алибек Ертаевич жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 170 868(бір жүз жетпіс мың сегіз жүз алпыс сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және сот шығыны 6851(алты мың сегіз жүз елу бір) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Талап қоюшы «Жосалы кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюының қалған бөлігі қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 15.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.03.2024, судья Бержанов К. М., 01.04.2024